

"Күзет сигнализациясы құралдарын монтаждау, ретке келтіру және оларға техникалық қызмет көрсету, күзет қызметі, азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының, жарылғыш заттар, азаматтық пиротехникалық заттар мен оларды қолданып жасалған бұйымдардың айналымы саласында жеке кәсіпкерлік саласында тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін бекіту туралы және "Жеке кәсіпкерлік саласында құрылыс-монтаждау жұмысын орындау кезіндегі қызметті қоспағанда, күзет сигнализациясы құралдарын монтаждау, ретке келтіру және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын, күзет қызметі субъектілерін, сондай-ақ азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының, азаматтық пиротехникалық заттар мен оларды қолданып жасалған бұйымдардың айналымы саласында жұмыспен қамтылған, жарылғыш және улы заттарды қолданатын, сақтайтын жеке және заңды тұлғалардың, түрлі-түсті бейнелі көбейткіш-көшіргіш техниканың, сондай-ақ штемпельдік-гравюралық кәсіпорындардың қызметін тексеру парақтарының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2011 жылғы 28 наурыздағы № 131 және Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің 2011 жылғы 11 сәуірдегі № 101 бірлескен бұйрығына өзгерістер енгізу туралы"

Күшіні жойған

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2013 жылғы 29 мамырдағы № 359 және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрінің 2013 жылғы 27 маусымдағы № 113/НҚ Бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 05 тамызда № 8592 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 29 маусымдағы № 465 Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 23 маусымдағы № 556 бірлескен бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 29.06.2015 № 465 және ҚР Ішкі істер министрінің 23.06.2015 № 556 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының «Күзет қызметі туралы» және «Лицензиялау туралы» заңдарына сәйкес келтіру мақсатында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында ішкі істер органдарының қызметін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен

толықтырулар енгізу туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік органдардың рұқсат беру құжаттарын қысқарту және бақылау және қадағалау функцияларын оңтайландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының заңдарымен оларға енгізілген түзетулерді ескере отырып,
Б Ұ Й Ы Р А М Ы З :

1. Қоса беріліп отырған күзет сигнализациясы құралдарын монтаждау, ретке келтіру және оларға техникалық қызмет көрсету, күзет қызметі, азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының, жарылғыш заттар, азаматтық пиротехникалық заттар мен оларды қолданып жасалған бұйымдардың айналымы саласында жеке кәсіпкерлік саласында тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері б е к і т і л с і н .

2. «Жеке кәсіпкерлік саласында құрылыс-монтаждау жұмысын орындау кезіндегі қызметті қоспағанда, күзет сигнализациясы құралдарын монтаждау, ретке келтіру және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын, күзет қызметі субъектілерін, сондай-ақ азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының, азаматтық пиротехникалық заттар мен оларды қолданып жасалған бұйымдардың айналымы саласында жұмыспен қамтылған, жарылғыш және улы заттарды қолданатын, сақтайтын жеке және заңды тұлғалардың, түрлі-түсті бейнелі көбейткіш-көшіргіш техниканың, сондай-ақ штемпельдік-гравюралық кәсіпорындардың қызметін тексеру парақтарының нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2011 жылғы 28 наурыздағы № 131 және Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің 2011 жылғы 11 сәуірдегі № 101 бірлескен бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6917 болып тіркелген, «Казахстанская правда» газетінде 2011 жылғы 7 маусымда № 179 (26600) жарияланған) (бұдан әрі – бірлескен бұйрық) мынадай өзгерістер е н г і з і л с і н :

атауы мынадай редакцияда жазылсын:

«Күзет сигнализациясы құралдарын монтаждау, ретке келтіру және техникалық қызмет көрсету, күзет қызметі, сондай-ақ азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының, жарылғыш заттар, азаматтық пиротехникалық заттар мен оларды қолданып жасалған бұйымдардың айналымы бойынша қызметіне жеке кәсіпкерлік саласында тексеру парақтарының нысандарын бекіту т у р а л ы » ;

1 - т а р м а қ т а :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жеке кәсіпкерлік саласында күзет сигнализациясы құралдарын монтаждау, ретке келтіру және оларға техникалық

қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын;»;

6), 7) және 8) тармақшалар алынып тасталсын;
бірлескен бұйрыққа 1-қосымша осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес
редакцияда жазылсын;

бірлескен бұйрыққа 2-қосымша осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес
редакцияда жазылсын;

бірлескен бұйрыққа 6, 7 және 8-қосымшалар алынып тасталсын.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Әкімшілік полиция
комитетінің төрағасы (И.В. Лепеха):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде
мемлекеттік тіркеуді;

2) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен
кейін оны ресми жариялауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ресми
интернет-ресурсында жариялауды қамтамасыз етсін.

4. Облыстардың, Астана, Алматы қалаларының және көліктегі ішкі істер
департаменттерінің бастықтары осы бұйрықты зерделеуді және талаптарының
орындалуын ұйымдастырсын.

5. «Жеке кәсіпкерлік саласында азаматтық және қызметтік қару мен оның
патрондарының, азаматтық пиротехникалық заттар мен оларды қолданып
жасалған бұйымдардың айналымы саласында жұмыспен қамтылған жеке және
заңды тұлғалардың қызметінің, жарылғыш және улы заттарды қолдану мен
олардың жұмыс істеуінің белгіленген қағидаларының сақталуының, күзет
қызметі, түрлі-түсті бейнелі көбейткіш-көшіргіш техниканың, сондай-ақ
штемпельдік-гравюралық кәсіпорындардың қызметінің және
құрылыс-монтаждау жұмысын орындау кезіндегі қызметті қоспағанда, күзет
сигнализациясы құралдарын монтаждау, ретке келтіру және оларға техникалық
қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілер қызметінің
тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін бекіту туралы» Қазақстан
Республикасы Ішкі істер министрінің 2011 жылғы 28 наурыздағы № 132 және
Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің 2011
жылғы 11 сәуірдегі № 100 бірлескен бұйрығының (Нормативтік құқықтық
актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6916 болып тіркелген, «
Казахстанская правда» газетінде 2011 жылғы 7 маусымда № 179 (26600)
жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер
министрінің орынбасары Е.З. Тургумбаевқа жүктелсін.

7. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн
өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі
_____ Қ. Қасымов

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің Бірінші
орынбасары – Қазақстан
Республикасының Өңірлік даму
м и н и с т р і
_____ Б. Сағынтаев

2013 жылғы 29 мамыр 2013 жылғы « _____ » _____
Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2013 жылғы 29 мамырдағы № 359
және Қазақстан Республикасы Премьер-
Министрінің Бірінші
орынбасары – Қазақстан Республикасы
Өңірлік даму министрінің
2013 жылғы 27 маусымдағы № 113/НҚ
бірлескен бұйрығымен
бекітілген

Күзет сигнализациясы құралдарын монтаждау, ретке келтіру және оларға техникалық қызмет көрсету, күзет қызметі, азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының, жарылғыш заттар, азаматтық пиротехникалық заттар мен оларды қолданып жасалған бұйымдардың айналымы саласында жеке кәсіпкерлік саласында тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері

1. Жалпы ережелер

1. Осы тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері күзет сигнализациясы құралдарын монтаждау, ретке келтіру және оларға техникалық қызмет көрсету, күзет қызметін жүзеге асыратын, сондай-ақ азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының, жарылғыш заттар, азаматтық пиротехникалық заттар мен оларды қолданып жасалған бұйымдардың айналымы саласында жұмыспен қамтылған жеке кәсіпкерлік субъектілері үшін әзірленді.

2. Осы критерийлерде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) тәуекел – адамдардың өмірі мен денсаулығына, меншікке және қоршаған ортаға зиян келтіру, сондай-ақ қоғамдық қауіпсіздіктің, оның салдарының ауырлық дәрежесін ескере отырып: заңсыз әскерилендірілген құрылымдар немесе қылмыстық ұйымдар құру,

шетелдік қатысумен күзет құрылымдарының жұмыс істеуі, еліміздегі жағдайды тұрақсыздандыру, құқыққа қарсы әрекеттер жасау үшін күзет ұйымдарын п а й д а л а н у ;

қару-жарақтың, арнайы құралдар мен жарылғыш заттардың заңсыз айналымға өтуі, оларды құқыққа қарсы мақсаттарда, оның ішінде терроризм актілерін жасау кезінде пайдалану;

2) тексерілетін субъектілер – күзет сигнализациясы құралдарын монтаждау, ретке келтіру және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті, күзет қызметін жүзеге асыратын, сондай-ақ азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының, жарылғыш заттар, азаматтық пиротехникалық заттар мен оларды қолданып жасалған бұйымдардың айналымы саласында жұмыспен қамтылған жеке және заңды тұлғалар.

3. Жоспарлы тексерістер жүргізу тәуекел дәрежесіне байланысты: жоғары тәуекел дәрежесі кезінде – жылына бір реттен; орташа тәуекел дәрежесі кезінде – үш жылда бір реттен; төмен тәуекел дәрежесі кезінде – бес жылда бір реттен жиі емес кезеңділікпен б е л г і л е н е д і .

4. Тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері 2 түрге бөлінеді:

1) объективтік – тексерілетін субъектілер қызметін жүзеге асыру кезіндегі ықтимал тәуекелдің маңыздылығына негізделген;

2) субъективтік – тексерілетін субъектілер белгіленген талаптарды бұзуға жол беруіне қарай белгіленеді.

Субъективтік критерийлер елеулі және елеусіз бұзушылықтардан тұрады.

5. Тексерілетін субъектілерді бастапқыда тәуекел дәрежелері бойынша жатқызу тәуекел дәрежесін бағалаудың объективтік критерийлері негізінде ғана жүзеге асырылады.

6. Тексерілетін субъектілерді екінші рет тәуекел дәрежесі бойынша жатқызу субъективтік критерийлерді ескере отырып жүзеге асырылады.

Елеусіз тәуекел дәрежесінің 3-тобына кіретін тексерілетін субъектілер тексерілетін кезең ішінде бір немесе екі елеулі немесе екі және одан да көп елеусіз бұзушылық жасаған жағдайда орташа тәуекел дәрежесінің 2-тобына, ал үш және одан көп елеулі бұзушылық жасаған жағдайда жоғары тәуекел дәрежесінің 1-тобына ауыстырылады.

Орташа тәуекел дәрежесінің 2-тобына кіретін тексерілетін субъектілер тексерілетін кезең ішінде бір және одан көп елеулі немесе екі және одан да көп елеусіз заң бұзушылық жасаған жағдайда жоғары тәуекел дәрежесінің 1-тобына ауыстырылады.

Соңғы тексеріс бұзушылықтарды анықтамаған жағдайда тексерілетін субъектілер дәрежесі аз тәуекел тобына ауыстырылады.

Объективтік критерий бойынша жоғары тәуекел дәрежесінің 1-тобына жатқызылған тексерілетін субъектілер аса төмен тәуекел тобына ауыстырылмайды және жыл сайын тексеруге жатады.

7. 2 және 3-тәуекел топтарына жатқызылған тексерілетін субъектілер тексеріс жоспарларына соңғы тексерістің күнін ескере отырып енгізіледі.

2. Күзет сигнализациясы құралдарын монтаждау, ретке келтіру және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті және күзет қызметі саласында жеке кәсіпкерлік саласында тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері

8. Объективтік критерийлерге мыналар жатады:
тәуекел дәрежесі жоғары 1-топқа – күзет қызметін қызметтік және азаматтық қаруды пайдалана отырып жүзеге асыратын заңды тұлғалар;

тәуекел дәрежесі орташа 2-топқа – күзет қызметін қызметтік және азаматтық қаруды пайдаланбай жүзеге асыратын, сондай-ақ күзет сигнализациясы құралдарын монтаждау, ретке келтіру және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметпен айналысатын соңғы үш жылда бұзушылыққа жол берген заңды және жеке тұлғалар;

тәуекел дәрежесі елеусіз 3-топқа – күзет қызметін жүзеге асыратын, сондай-ақ күзет сигнализациясы құралдарын монтаждау, ретке келтіру және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметпен айналысатын 1 және 2-топтарға енгізілмеген заңды және жеке тұлғалар.

9. Елеулі бұзушылықтарға мыналар жатады:

1) күзет құрылымдарының қызметінде шетел қатысуының болуы;

2) күзет құрылымы басшысында не болмаса күзетшіде психикалық аурудың, маскүнемдіктің, нашақорлықтың болуы;

3) күзет құрылымы басшысының не болмаса күзетшінің қылмыс жасағаны үшін соттылығының болуы;

4) күзет құрылымы басшының жоғары заңгерлік білімі немесе Қарулы Күштерде, басқа әскерлер мен әскери құрылымдарда басшылық лауазымдарда немесе құқық қорғау және арнайы органдарда басшы лауазымдарда кемінде үш жыл жұмыс өтілінің болмауы;

5) күзет құрылымдарының басшысының не болмаса күзетшінің арнайы даярлық курстарынан өткені туралы куәлігінің болмауы;

6) қызметтік қару пайдаланған жағдайда қару-жарақ пен оқ-дәрілерді сақтауға арналған үй-жайдың (не болмаса белгіленген талаптарға жауап беретін үй-жайларда оларды сақтауға келісімшарттың) болмауы;

7) күзет құрылымдарының басшылары мен күзетшілерінің қызметтік

міндеттерін орындау кезінде қылмыс жасауы;

8) объектілерді күзету кезінде күзетшілердің штаттық санының белгіленген нормативін бұзу;

9) күзет құрылымы басшысының не болмаса күзетшінің Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлігіндегі баптың тиісті бөлігінде көзделген бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның төменгі шегіндегі мерзім өткенге дейін ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық жауапкершіліктен босатылуы;

10) күзет құрылымы басшысының не болмаса күзетшінің жеке меншікке, мемлекеттік билік институттарына, басқарудың белгіленген тәртібіне, қоғамдық тәртіпке және адамгершілікке қол сұғатын қасақана әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін бұрын жұмысқа қабылданғанға дейін бір жыл ішінде әкімшілік жауапкершілікке тартылуы;

11) күзет құрылымы басшысының не болмаса күзетшінің мемлекеттік, әскери қызметтен, құқық қорғау органдарынан, соттардан және әділет органдарынан жағымсыз себептер бойынша үш жыл бұрын босатылуы;

12) күзет құрылымы басшысының не болмаса күзетшінің жеке күзет ұйымының күзетшісі лауазымынан жағымсыз себептер бойынша үш жыл бұрын босатылуы;

13) күзет құрылымы басшысында не болмаса күзетшіде Қазақстан Республикасының азаматтығының болмауы;

14) заңды тұлғаның күзет сигнализациясы құралдарын монтаждау, ретке келтіру және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмысты жүргізетін маманында, жеке тұлғада жұмыс саласына сәйкес келетін жоғары немесе орта техникалық білімінің болмауы;

15) күзет сигнализациясы құралдарын монтаждау, ретке келтіру және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмысты жүзеге асыратын субъектінің күзет сигнализациясы құралдарын ретке келтіруді, оларға техникалық қызмет көрсетуді және монтаждалатын жабдықтың техникалық жай-күйін тексеруді жүзеге асыруға арналған құрал-жабдығы бар үй-жайының (немесе оны жалға алу келісімшарты) болмауы;

16) күзет сигнализациясы құралдарын монтаждау, ретке келтіру және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаның басшысында, қызметкерінде, жеке тұлғада Қазақстан Республикасының азаматтығының болмауы;

17) күзет сигнализациясы құралдарын монтаждау, ретке келтіру және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаның басшысында, қызметкерінде, жеке тұлғада психикалық ауруының болуы;

18) күзет сигнализациясы құралдарын монтаждау, ретке келтіру және оларға

техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаның басшысында, қызметкерінде, жеке тұлғада заңмен белгіленген тәртіпте өтелмеген немесе алынбаған соттылығының болуы;

19) күзет сигнализациясы құралдарын монтаждау, ретке келтіру және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаның басшысы, қызметкері, жеке тұлға Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлігіндегі баптың тиісті бөлігінде көзделген бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның төменгі шегіндегі мерзім өткенге дейін ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық жауапкершіліктен босатылуы;

20) бір немесе одан да көп күзетшінің жеке басын және оның жеке күзет ұйымына тиесілігін куәландыратын құжаттың болмауы.

10. Елеусіз бұзушылықтарға мыналар жатады:

1) ішкі істер органдары қызметкерлерінің ұйғарымын және басқа да заңды талаптарын орындамау;

2) күзет құрылымы басшысының не болмаса күзетшінің біліктілікті арттыру курстарынан (оқытудың арнайы курсы) уақтылы өтпеуі;

3) тексерілетін субъектінің қызмет көрсету туралы келісімшарт жасасудың жазбаша нысанын сақтамауы;

4) күзетшінің жас ерекшелігінің сәйкес келмеуі;

5) күзетші лауазымын атқаратын қызметкерлердің міндетті сақтандырылуы туралы талаптардың сақталмауы;

6) күзетшілердің қызметтік міндетін орындау кезінде белгіленбеген үлгідегі арнайы киім киюі;

7) күзетшінің жеке басын және оның жеке күзет ұйымына тиесілігін куәландыратын құжаттың белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі.

3. Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының, жарылғыш заттар, азаматтық пиротехникалық заттар мен оларды қолданып жасалған бұйымдардың айналымы саласында жеке кәсіпкерлік саласында тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері

11. Тексерілетін субъектілер объективтік критерийлері бойынша жоғары дәрежелі тәуекел тобына жатады (қару-жарақ пен жарылғыш заттарды пайдаланатын және сақтайтын заңды тұлғалар, сондай-ақ азаматтық пиротехникалық заттарды және оларды қолданып жасалған бұйымдарды сақтайтын және пайдаланатын заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер).

12. Елеулі бұзушылықтарға мыналар жатады:

1) қару-жарақты, жарылғыш заттарды, азаматтық пиротехникалық бұйымдарды сақтауға рұқсаттың болмауы;

- 2) қару-жарақты, жарылғыш заттарды, азаматтық пиротехникалық бұйымдарды тасымалдауға рұқсаттың болмауы;
 - 3) тексерілетін субъектілер қызметкерлерінде қызметтік қаруды сақтауға және алып жүруге жеке рұқсаттың болмауы;
 - 4) қызметтік қаруды мақсатынан тыс пайдалану;
 - 5) қару-жарақты белгіленбеген жерде сақтау;
 - б) қару-жарақтың, жарылғыш заттардың, азаматтық пиротехникалық бұйымдардың ұрлануы немесе жоғалуы фактілеріне жол беру;
 - 7) қару-жараққа, жарылғыш заттарға, азаматтық пиротехникалық бұйымдарға есеп жүргізу тәртібін бұзу;
 - 8) қару-жарақты, жарылғыш заттарды, азаматтық пиротехникалық бұйымдарды сақтауға арналған үй-жайларда өрт-күзет сигнализациясының болмауы немесе ақауының болуы;
 - 9) қару-жарақты, жарылғыш заттарды, азаматтық пиротехникалық бұйымдарды сақтауға арналған үй-жайлардың техникалық нығайтылуын бұзу;
 - 10) республика аумағына ішкі істер органдарының қорытындысынсыз (рұқсат құжаты) қару-жарақты әкелу (әкету);
 - 11) дүкендер сататын қару мен оның патрондарына сәйкестік сертификатының болмауы;
 - 12) қару-жараққа, жарылғыш заттарға, азаматтық пиротехникалық бұйымдарға рұқсаты бар адамдардың біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі.
13. Елеусіз заң бұзушылықтарға мыналар жатады:
- 1) сатып алынған қару-жарақты тіркеу мерзімдерін сақтамау;
 - 2) тексерілетін субъектілер филиалдарының (өкілдіктерінің) қару-жарақты балансқа алу кезінде оны уақтылы тіркемеуі;
 - 3) қару-жарақты, жарылғыш заттарды, азаматтық пиротехникалық бұйымдарды сақтауға рұқсаттарды уақтылы ұзартпау;
 - 4) тексерілетін субъектілері қызметкерлерінің қызметтік қаруды сақтауға және алып жүруге жеке рұқсаттарды уақтылы ұзартпауы;
 - 5) келіп түскен және сатылған қару-жарақтың саны туралы есепті ұсынбау немесе уақтылы ұсынбау;
 - б) жарылғыш заттарды, азаматтық пиротехникалық бұйымдарды сақтайтын қоймаларда рұқсат етілетін нормадан асып кету.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

І ш к і і с т е р м и н и с т р і н і ң

2013 жылғы 29 мамырдағы № 359

және Қазақстан Республикасы Премьер-

М и н и с т р і н і ң Б і р і н ш і

орынбасары – Қазақстан Республикасы

Өңірлік даму министрінің
2013 жылғы 27 маусымдағы № 113/НҚ
бірлескен бұйрығына

1-қосымша

Қазақстан Республикасы

Ішкі істер министрінің

2011 жылғы 28 наурыздағы № 131

және Қазақстан Республикасы

Экономикалық даму және сауда

министрінің

2011 жылғы 11 сәуірдегі № 101

бірлескен бұйрығына

1-қосымша

**Жеке кәсіпкерлік саласында күзет сигнализациясы құралдарын
монтаждау, ретке келтіру және оларға техникалық қызмет көрсету
жөніндегі қызметті тексеру парағы**

Органның атауы _____

Тексеріс белгілеу туралы акті _____

(кү н і , №)

Объект _____

(заңды тұлға/жеке кәсіпкер)

(мекенжайы, телефоны)

БСН _____

ЖСН _____

— Тексеріске қатысушы адамдар:

Жауапты адам (басшы немесе оның сенім білдірген қызметкері) _____

(лауазымы, Тегі, Аты бар болса Әкесінің аты)

ПО-ның қызметкері _____

(лауазымы, Тегі, Аты бар болса Әкесінің аты)

№	Тексеріс барысында қамтылатын мәселелер	Түсініктеме	Иә	Жоқ	ҚЕ/Қ
Заңды тұлғалар үшін					
1.*	Күзет сигнализациясы құралдарын монтаждау, ретке келтіру және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмысты жүргізетін маманның жұмыс саласына сәйкес келетін жоғары немесе орта техникалық білімі бар		<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>

2.*	Субъектінің күзет сигнализациясы құралдарын ретке келтіруді, оларға техникалық қызмет көрсетуді және монтаждалатын құрал-жабдықтың техникалық жай-күйін тексеруді жүзеге асыруға арналған құрал-жабдығы бар үй-жайы (немесе оны жалға алу келісімшарты) бар		<input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/>
3.*	Субъект басшысы Қазақстан Республикасының азаматы болып табылады		<input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/>
4.*	Субъект басшысы денсаулық сақтау органдарында психикалық ауру бойынша есепте тұрған жоқ		<input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/>
5.*	Субъекті басшысының заңмен белгіленген тәртіпте өтелмеген немесе алынбаған соттылығы жоқ		<input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/>
6.*	Субъект басшысы Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлігіндегі баптың тиісті бөлігінде көзделген бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның төменгі шегіндегі мерзім өткенге дейін ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық жауапкершіліктен босатылмаған		<input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/>
7.*	Субъект қызметкерлері Қазақстан Республикасының азаматы болып табылады		<input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/>
8.*	Субъект қызметкерлері денсаулық сақтау органдарында психикалық ауру бойынша есепте тұрған жоқ		<input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/>
9.*	Субъект қызметкерлерінің белгіленген заңды тәртіпте өтелмеген немесе алынбаған соттылығы жоқ		<input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/>
10.*	Субъект қызметкерлері Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлігіндегі баптың тиісті бөлігінде көзделген бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның төменгі шегіндегі мерзім өткенге дейін ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық жауапкершіліктен босатылмаған		<input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/>
Жеке тұлғалар үшін			
11.*	Жеке тұлғаның жұмыс саласына сәйкес келетін жоғарғы немесе орта техникалық білімі бар		<input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/>
12.*	Жеке тұлғаның күзет сигнализациясы құралдарын ретке келтіруді, оларға техникалық қызмет көрсетуді және монтаждалатын құрал-жабдықтың техникалық жай-күйін тексеруді жүзеге асыруға арналған құрал-жабдығы бар үй-жайы (немесе оны жалға алу келісімшарты) бар		<input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/>
13.*	Жеке тұлға Қазақстан Республикасының азаматы болып табылады		<input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/>
14.*	Жеке тұлға денсаулық сақтау органдарында психикалық ауру бойынша есепте тұрған жоқ		<input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/>
15.*	Жеке тұлғаның заңмен белгіленген тәртіпте өтелмеген немесе алынбаған соттылығы жоқ		<input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/>
16.*	Жеке тұлға Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлігіндегі баптың тиісті бөлігінде көзделген бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның төменгі шегіндегі мерзім өткенге дейін ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық жауапкершіліктен босатылмаған		<input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/>

Ескертпе:

Пайдаланылған белгілердің мағынасы

* – елеулі заң бұзушылықтар;

ИӘ – иә, бар, сәйкес келеді, қанағаттанарлық;
ЖОҚ – жоқ, болмаған, сәйкес келмейді,
қанағаттанарлықсыз;
ҚЕ/Қ – қажет емес/қарастырылмаған;
ІО – ішкі істер органдары;
7.*-10.*-тармақтарда «қызметкерлер» деген сөз күзет
қызметі сигнализациясы құралдарын монтаждау, ретке
келтіру және оларға техникалық қызмет көрсету
жөніндегі жұмысты жүзеге асыратын мамандар деп

түсініледі

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2013 жылғы 29 мамырдағы № 359
және Қазақстан Республикасы Премьер-
Министрінің Бірінші
орынбасары – Қазақстан Республикасы
Өңірлік даму министрінің
2013 жылғы 27 маусымдағы № 113/НҚ
бірлескен бұйрығына

2-қосымша

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2011 жылғы 28 наурыздағы № 131
және Қазақстан Республикасы
Экономикалық даму және сауда
министрінің
2011 жылғы 11 сәуірдегі № 101
бірлескен бұйрығына

2-қосымша

Жеке кәсіпкерлік саласында күзет қызметін тексеру парағы

Органның атауы _____

Тексеріс белгілеу туралы акті _____

(кү н і , №)

Объект _____

(заңды тұлға/жеке кәсіпкер)

(мекенжайы, телефоны)

БСН _____

ЖСН _____

Тексеріске _____ қатысушы адамдар:
Жауапты адам (басшы немесе оның сенім білдірген қызметкері) _____

(лауазымы, Тегі, Аты бар болса Әкесінің аты)

ПО-ның қызметкері _____

(лауазымы, Тегі, Аты бар болса Әкесінің аты)

№	Тексеріс барысында қамтылатын мәселелер	Түсініктеме	Иә	Жоқ	Б
1.*	Субъект басшысының жоғары заңгерлік білімі немесе Қарулы Күштерде, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдарда басшылық лауазымдарда немесе құқық қорғау және арнайы органдарда басшы лауазымдарда кемінде үш жыл жұмыс өтілі бар		<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
2.*	Субъект басшысы Қазақстан Республикасының азаматы болып табылады		<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
3.*	Субъект басшысында арнайы бағдарлама бойынша даярлықтан өткендігі туралы куәліктің болуы		<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
4.*	Субъект басшысында арнайы бағдарлама бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өткендігі туралы куәліктің болуы		<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
5.*	Субъект басшысы денсаулық сақтау органдарында психикалық ауру, маскүнемдік немесе нашақорлық бойынша есепте тұрған жоқ		<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
6.*	Субъект басшысының қылмыс жасағаны үшін соттылығы жоқ		<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
7.*	Субъект басшысы Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлігіндегі баптың тиісті бөлігінде көзделген бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның төменгі шегіндегі мерзім өткенге дейін ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық жауапкершіліктен босатылмаған		<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
8.*	Субъект басшысы жеке меншікке, мемлекеттік билік институттарына, белгіленген басқару тәртібіне, қоғамдық тәртіпке және адамгершілікке қол сұғатын қасақана әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін бұрын жұмысқа қабылданғанға дейін бір жыл ішінде әкімшілік жауапкершілікке тартылмаған		<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
9.*	Субъект басшысы мемлекеттік, әскери қызметтен, құқық қорғау органдарынан, соттардан және әділет органдарынан жағымсыз себептермен үш жыл бұрын босатылмаған		<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
10.*	Субъект басшысы жеке күзет ұйымының күзетшісі лауазымынан жағымсыз себептермен үш жыл бұрын босатылмаған		<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
11.*	Күзетшілер лауазымын атқаратын субъект қызметкерлері Қазақстан Республикасының азаматы болып табылады		<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
12.*	Күзетшілер лауазымын атқаратын субъект қызметкерлерінің жасы 19-дан төмен емес		<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
13.*	Күзетшілер лауазымын атқаратын субъект қызметкерлерінде арнайы бағдарлама бойынша даярлықтан өткендігі туралы куәліктің болуы		<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>

14.*	Күзетшілер лауазымын атқаратын субъект қызметкерлерінде арнайы бағдарлама бойынша біліктілігін арттыру курсынан өткендігі туралы куәліктің болуы	<input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/>
15.*	Күзетшілер лауазымын атқаратын субъект қызметкерлерінің қылмыс жасағаны үшін соттылығы жоқ	<input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/>
16.*	Күзетшілер лауазымын атқаратын субъект қызметкерлері денсаулық жағдайы бойынша күзет қызметімен айналысуға жарамды (көздің нашар көруіне, психикалық ауруына, маскүнемдікке немесе нашақорлыққа байланысты қаруды қолдануға қарсы көрсетімдер жоқ)	<input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/>
17.*	Субъект қызметтік және азаматтық қару пайдаланған жағдайда қару мен оқ-дәрілерді сақтауға арналған үй-жайлары (не белгіленген талаптарға жауап беретін үй-жайларда оларды сақтауға келісім-шарт) бар	<input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/>
18.*	Күзетшілер лауазымын атқаратын субъект қызметкерлері Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлігіндегі баптың тиісті бөлігінде көзделген бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның төменгі шегіндегі мерзім өткенге дейін ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылмаған	<input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/>
19.*	Күзетшілер лауазымын атқаратын субъект қызметкерлері жеке меншікке, мемлекеттік билік институттарына, белгіленген басқару тәртібіне, қоғамдық тәртіпке және адамгершілікке қол сұғатын қасақана әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін бұрын жұмысқа қабылданғанға дейін бір жыл ішінде әкімшілік жауапкершілікке тартылмаған	<input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/>
20.*	Күзетшілер лауазымын атқаратын субъект қызметкерлері мемлекеттік, әскери қызметтен, құқық қорғау органдарынан, соттардан және әділет органдарынан жағымсыз себептермен үш жыл бұрын босатылмаған	<input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/>
21.*	Күзетшілер лауазымын атқаратын субъект қызметкерлері жеке күзет ұйымының күзетшісі лауазымынан жағымсыз себептермен үш жыл бұрын босатылмаған	<input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/>
22.*	Күзетшілер лауазымын атқаратын субъект қызметкерлері жеке басын және олардың жеке күзет ұйымына тиесілігін куәландыратын құжаттармен қамтамасыз етілген	<input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/>
23.	Күзетшілердің жеке басын және олардың жеке күзет ұйымына тиесілігін куәландыратын құжаттар белгіленген талаптарға сәйкес келеді	<input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/>
24.	Субъект күзет қызметтерін көрсету туралы келісімшарт жасасудың жазбаша нысанын сақтайды	<input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/>
25.	Субъект күзетшілер лауазымын атқаратын қызметкерлерді міндетті сақтандыру туралы талаптарды сақтайды	<input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/>
26.*	Субъект күзетшілерінің штаттың саны Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нормативке сәйкес келеді	<input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/>
27.*	Субъект күзетшілері қызметтік міндеттерін орындау кезінде қылмыс жасауға жол бермеген	<input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/>
28.	Субъект күзетшілері жұмыстан тыс қасақана қылмыстар жасауға жол бермеген	<input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/>
29.	Субъект күзетшілердің арнайы киім киюі бойынша талаптарды сақтайды	<input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/>
30.*	Ұлттық компанияның күзет ұйымы Қазақстан Республикасының аумағында күзет қызметін бақылауды жүзеге асыру жөнінде уәкілетті органмен келіскен	<input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/>

31.*	Субъектінің құрылтайшысы, қатысушысы және (немесе) меншік иесі күзет қызметімен айналысатын басқа ұйымның құрылтайшысы, қатысушысы және (немесе) меншік иесі болып табылмайды	<input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/>
32.*	Субъект күзеттен басқа өзге қызметті жүзеге асыратын ұйымның еншілес кәсіпорны болып табылмайды. Субъектінің құрылтайшысы (қатысушысы) үшін қызметтің осы түрі – негізгі	<input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/>
33.*	Субъектінің құрылтайшысы (қатысушысы) өздеріне қатысты күзет қызметтерін көрсететін ұйымдардың құрылтайшылары не болмаса лауазымды адамдары болып табылмайды	<input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/>
34.*	Субъектінің құрылтайшысы (қатысушысы) адамдардың жақын туысы (ата-аналары, балалары, асырап алушылары, асырап алынған балалары, бір әке, бір шешеден туған және әкесі немесе шешесі бөлек аға-інілері мен апа-қарындастары (сіңлілері), атасы, әжесі, немерелері), некеде тұрған адамы, сондай-ақ жекжаты ата-аналары, балалары, асырап алушылары, асырап алынған балалары, бір әке, бір шешеден туған және әкесі немесе шешесі бөлек аға-інілері мен апа-қарындастары (сіңлілері), атасы, әжесі, немерелері) болып келетін өздеріне қатысты күзет қызметтерін көрсететін жеке тұлғалар болып табылмайды	<input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/>
35.*	Субъектінің құрылтайшысы (қатысушысы) қылмыс жасағаны үшін соттылығы бар азаматтар, сондай-ақ құрылтайшылардың (қатысушылардың) құрамында көрсетілген адамдар бар заңды тұлғалар болып табылмайды	<input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/>
36.*	Субъектінің құрылтайшысы (қатысушысы) өздеріне қатысты күзет қызметтерін көрсететін заңды тұлғалар және солармен аффилиирленген заңды тұлғалар болып табылмайды	<input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/>
37.*	Субъекті құрылтайшысы (қатысушысы) қоғамдық бірлестік болып табылмайды	<input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/>

Ескертпе:

Пайдаланылған белгілердің мағынасы

* – елеулі заң бұзушылықтар;

ИӘ – иә, бар, сәйкес келеді, қанағаттанарлық

ЖОҚ – жоқ, болмаған, сәйкес келмейді,

қанағаттанарлықсыз;

ҚЕ/Қ – қажет емес/қарастырылмаған;

ПО – ішкі істер органдары.